



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 29 шілде

### 2019 жылғы 19 шілде – 26 шілде аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу<sup>1</sup>

26 шілдедегі сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптада 0,1%-ға әлсіреп (384,87-ден), бір АҚШ доллары үшін 384,92 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2019 жылғы 19 шілде - 26 шілде аралығындағы кезеңде сауда-саттық мәселелері бойынша ҚХР мен АҚШ өкілдері арасындағы кезекті келіссөздердің жоспарланған раунды туралы хабарлар, ЕОБ-нің өңір экономикасының баяулауына жауап ретінде қыркүйекте ынталандыру бойынша шаралар қабылдауға әзірлігі туралы белгі беруге бас мөлшерлемені сақтау туралы шешімі, ХВҚ-нің шілдедегі баяндамасында әлемдік экономиканың 3,2%-ға дейін өсу болжамының төмендеуі (алдыңғы болжам - 3,3%), АҚШ экономикасының екінші тоқсанда талдаушылардың күтулерінен жоғары 2,1%-ға өсуі бойынша статистиканы жариялау, Д.Трампың Конгресспен ел бюджеті мен мемлекеттің борышы бойынша уағдаластыққа қол жеткізу туралы мәлімдемесі, Борис Джонсонды Ұлыбританияның Премьер-Министрі лауазымына тағайындау болды.

Аталған факторлар АҚШ долларының дамыған елдердің валюталарына қатысты бағамының нығаюына әкелді.


Дамушы елдердің валюталарының<sup>2</sup> АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні былайша қалыптасты:

- **Мексика песосы** ХВҚ-нің ел ІЖӨ-нің өсу қарқынын шілдедегі баяндамада 0,9%-ға дейін төмендетуі (алдыңғы болжам - 1,6%) аясында 0,1%-ға (19,03-тен 19,05-ке дейін) әлсіреді. Мексика Президенті экономика 2%-ға дейін өсетінін айтып, ХВҚ-нің түзетуін сынға алды;
- **үнді рупиясы** алғашқы еурооблигациялар шығарылымы бойынша Қаржы министрлігінің жоспарына қатысты инвесторлардың күмәндануы аясында 0,1%-ға (68, 81-ден 68,91-ге дейін) әлсіреді.
- **түрік лирасы** ОБ-нің негізгі мөлшерлемені 4,25 п.т. 19,75%-ға төмендету шешімінің аясында 0,2%-ға (5,66-дан 5,67-ге дейін) әлсіреді;
- **Индонезия рупиясы** ОБ-нің негізгі мөлшерлеменің төмендеуінің ұзаққа созылатын цикліне дайындық туралы белгісінің аясында 0,5%-ға (13 938-ден 14 009-ға дейін) әлсіреді. Үкімет ақша талаптарының жеңілдету жылдың екінші жартысында инвестиция қарқынын ұлғайтады деп күтуде;
- **Ресей рублі** АҚШ долларының дамыған және дамушы елдерге қарағанда жаһандық нығаюы аясында 0,5%-ға (63,03-тен 63,36-ға дейін) әлсіреді, ол негізгі мөлшерлемені төмендету бойынша күтулерді ұлғайтады;
- **Бразилия реалы** ХВҚ-нің ел ІЖӨ-нің өсу болжамын 2019 жылы 0,7%-ға дейін түзету аясында аясында 0,8%-ға (алдыңғы болжам - 1,2%) әлсіреді, бұл негізгі мөлшерлемені төмендету бойынша күтулерді арттырады;



<sup>1</sup> шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

<sup>2</sup> АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан көбірек саудаланатын дамушы елдер валюталар

- **Оңтүстік Африка ранды** Fitch халықаралық рейтингтік агенттігінің елдің BB+ тәуелсіз рейтингін бюджет тапшылығының кеңеюі жөнінде қауіптенуге байланысты тұрақтыдан теріске ауысуы бойынша болжамды қайта қарау туралы жарияланымының аясында 2,6%-ға (13,94-тен 14,3-ке дейін) әлсіреді.



**Дамушы елдер валютасының серпіні (12 шілде 2019 =100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)**



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 2704 591 (5556)

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)